

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшпілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттіңің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ ТУРАЛЫ

Поэзия – ажарлап түрған сөз тізбегі емес, күрделі мазмұнды пікір мекені. Әдебиетте мазмұн мен түр егіз. Әдеби шығарманы көрі-жас жаппай оқиды, олай болса, поэзия да – ортақ мұра. Абайдың өлеңдерін жиындарда өнмен орындауды, жастар сүйіспеншілік хаттарына пайдаланады, жолаушы жол бойына ермек етіп, өлеңмен қоңіл күйін шертеді. Өйткені поэзия адам жаңының сыр-сипатына құрылады, шын көркем шығарма адамның жан пернесін қозғайды.

Абай – осы сырды терен үғынған эстетикалық, творчество-лық мәдениесті жоғары жазушы, орыс демократтарының озық эстетикасымен қаруланып, заман тілегіне сай өрелі идея дәрежесіне жеткен елге әйгілі ақын.

«Қандай тамаша пікірлермен толы болса да, мезгілі жеткен мәселелердің түйінін шешуге талпынса да, поэзиясыз өлеңде ешқандай тамаша пікір де, ешқандай жартымды мәселе де болмайды», – дейді орыстың данышпан сыншысы В.Г. Белинский.

Бұрынғы ескі биді түрсам барлап,
Мақалдаң айтады екен сөз қосарлап,
Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қарман, –

деп Абай Белинскийдің бұл пікірін өнеге тұтты, ақыл, білім, мәдениет шын поэзияның тууына керекті басты шарт деп қарады.

Символистер мен акмеистер өлеңді бияздал, сырт көрінісін сұлулат-ақ бақты. Бірақ оның там-тұмдап кездесетін мазмұны көпшілікке жат болғандықтан, олардың шығармалары өз заманында да жүрттың ықыласын тартпады, өзінен-өзі құрыды.

Абайдың эстетикалық пікірі бүған қарама-қарсы – көрік үшін емес, жетекші рөл мазмұнда деп таныды:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістіреп қай баласы? –

Шығарма – жанды организм, онда шеберлік бой-бой болып бөлініп тұрмайды, толық тұлғасымен тұтасып келеді.

Абай өзінің толық тұлғалы өлеңімен қазақ поэзиясының өрісін кеңітті, бұрын қазақ поэзиясының ауқымына сыймаған мәселелерді, өмір көріністерін шығармасына арқау етіп жырлады. Әлеуметтік, тұрмыс-экономикалық мәселелерді сипаттау, адам характерін, образын жасау, сүйіспеншілік нәзік сезімдерді суреттеу, табиғат көркін бейнелеу, міндін қаза міндейтін сатира жасау өнеріне Абай өнегелі озық шебер. Сюжетті өлең жазу, сара композиция құру, мазмұн кесектеу нәтижесінде шағын өлеңге мол идея арту, олақ сөз паналар санлау қалдырмай, аз сөзben көп мағына беріп, өлеңді арналы әлеуметтік мазмұнмен сықап, өр сөздің қисынын тауып, ін трестіріп, сығылыстыра орналастыруда Абай шеберлігі өлі күнге дейін озық.

Әлеуметтік пікірінің құнарлылығына, тереніндігіне, әлеуметтік маңыздылығына және қарапайым жүрттың көңілін тербететін лайықты сөз тауып, әсер етерлікте, лайығымен айта білуінде де ол – өзіндік ерекшелігі болған акын.

Абай өнерпаз қолбасшы секілді, ой-пікір өуеніне қарай қуатты сөздерді біркелкі шоғырлап, биік идеяның тоңірегіне топтап, сапқа қойып отырады. Тұсындағы жүртшылықтың бойында бар кінәраттарды жеке бір сапқа тізіп, оның құнсыз құлыққа құмарту екенінен, құр сумандау мен құлыққа салыну екенінен халықты жирендіреді:

Ынсан, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Отірік пен өсекті жүндей сабап...

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпиып, тамақ аңдып,
Бұрандан, жылы жүзін асқа сатқан
Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып.

Құлдіргіштеу, қулкішіл, қалжыңға ұста,
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста,
Оз үйінен жиреніп, қашып жүрген
Антүрганға қосылма қағылыста!

Осы үш шумақта еңбекке жат, қызыл өңештің қамы үшін сылдыр сөзді сапырып, жылмаңдап жүрген жексүрүнның жириңішті образы айқын көрінеді. Бірінші жолда бөгде сөз қосылмай санағандар – адамның асыл қасиеттері. Олар бірден лақ етіп өлеңге ене қалған сөз емес, адамның қасиеті қандай деп арнап салалап, әр сөздің іші мен оғін түгел сынап, салмақтау, сұрыптау нөти-жесінде сарапанып келіп отыр. Бірыңғай мүше болып сөйлемге тізіліп, бір-бірінің мазмұн салмағын үдетіп, есіре түсіп түрған сөздер «талап» деген сөзben аяқталуы да тегін емес. Қазақ өмірінің бұрынғысымен, тұсындағысымен замандас көңіл тояр тұлға ұшыратпаған Абайдың ор сенімі алда, оған жету, асу, өткелдерден өту үшін талмайтын жігер-талап – бірінші кепіл.

Бірыңғай мүшелерді «бұларды» деген жалпылағыш сөзben түйген ақынның синтаксиске, стилистикаға жетіктігі байқалады.

Абай жасаған образдардың бет ажары, сырт пішіні, мінезі, қымылы, іс-әрекеті, арманы, құбылысы бар. Әр шақта әр жағдаймен байланысты адам түрліше мінез көрсетуі ықтимал. Бірақ сан құбылыста оның әрекеті өз табиғатына лайық қалпында қалмақ. Осыны ескеріп, образға өз бойына лайық сөз сөйлетіп, әрекет жасатудан дәл, нақты образ туады. Бұл автордың дарындылығына мәдениеттілігіне, творчестволық көрегендігіне байланысты. Мысалы, «Абай» романында Құнанбай құран үстап, уәде байласып, ынтымақпен сөз шешіспіп, көршілерін шауып алып, тақуалық құрып, Меккеге аттанып жатады. Қыскасы, Құнанбайдың әрекетіне қарама-қарсы қылықтар толып жатыр. Бірақ окушы соның бірде-бірін Құнанбай жасамады, оның бойына сыймайтын қылық деп айта алмайды. Өйткені автор Құнанбайдың жағымсыз мінезін өз бойына лайық табиғи етіп шебер, нанымды көрсеткен. Құнанбай – шашау шығармай, дәлдеп жасалған нақты образ.

Абайда өсекші де – өзінің жексүрүн қалпындағы дәл образ, өтірікті шындаған етіп, «жұндай сабайтындығын» айту арқылы ақын оның тұлғасын түгел қып, тамамдап сипаттайты. Алғыр ақын кейіпкерін жеткізе шенеп, мұқата сейлеп «кезеген ит» деп те атайды. Оның сыры жоғарыда келтірілген екі шумақта терең-деп ашыла түсken.

Мінер атын, киімін ып-ықшам қыш,
Сымбаттанып, сымпиып, тамақ андып...

Ақын дара сөздің мағынасын қуып отырған жоқ, сөзді өлең өрнегіне үйымдастырып, образды түгел түрпатымен жасау мақсатына ыңғайлаپ, образдық мәнге ие етіп отыр. Поэзиялық тіл обrazды тілдейтініміз де сондықтан. Әрине, поэзиялық тіл, символистерше, футуристерше көпкө ұғымсыз «жаңа» сөз жаратпайды, халық лексикасындағы сөзді көркем әдебиет өрнегіне түсіргенде, белгілі тәртіппен үйымдастырып, образды мінездеу мақсатына икемді жаңа мән дарытады.

Күлдіргі емес, «күлдіргіштеу» деп, «теу» жалғаудың қолданған Абай сөз пішінін сөл өзгертудің образдық, идеялық, көркемдік зор мәні барын жете түсінген.

Тамагы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырап адам баласын, –

деп ақын басқаңың еңбегін пайдалану арқылы табылған «барлықтың» жау екенін ашып айтады, оның денеге кінәрат дарытуы сөзсіз, сол дертке қарсы шипа – еңбек! – дейді.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылmas,
Еңбек қылmas еріншек адам болmas.

Ақынның қорытуында еңбексіз адамгершілік жоқ, онсыз түрмис игілігі де жоқ. Абайдың ойынша, еңбек істей ар емес, не істесең де, қалай істесең де, әйтеуір еңбек істе.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, –

дейді ақын.

«Тұған елім» деп қалтырайтын бықсыма «патриоттық» Абай-ға жат. Ол еңбек игілі, дүние табылатын жерге тайынбай бар деп басып айтады.

Еңбек – өмір үйітқысы, еңбек адамды жоқтықтың да, асқандықтың да темір тырнағынан қағыс ұстайтын ең сенімді тәр-

биеші, педагог деп қарау – Абайдың ең қорлы, ең құнарлы философиялық пікірі.

Бұл – сара, данышпан пікір. Ақын сол пікірді қандай көркемдікке бөлеп берді, енді соған келейік.

«Еңбек жоқ, қарекет жоқ» дегенде, «жоқтың» екі рет қайталауды талай жаңнның ең асыл қазынадан маҳрум екенін айқындаған, пікір салмағын зілдендіре түседі. Одан өрі түйінделген пікір тарқатылып жазыла береді.

Тамагы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырап адам баласын, –

дегенде де тезис қылып, өуелі себебін, кейін салдарын айтады.

«Тоқ», «жоқ» деген өртарап сөздерді «тоқтық», «жоқтық» деп зат есімге айналдыру – Абайға дейінгі өдебиетте, жалпы революцияға дейінгі қазақ поэзиясында қалыптаспаған өдіс. Ол тек публицистикада ғана қалыптасып салтқа еніп, көркем өдебиетке біртіндеп сінісп келеді. Әдетте «тық», «дық» жүрнақтары сөзді, прозалық сөйлемнің өзін де ауырлатып жібереді. Ал Абай өлеңін оқығанда, ондай қолайсыздықты сезінбейміз. «Төрт аяғын» емес, «сегіз аяғын» тап басқан, женіл оқылатын жатық өлеңнің жайлы толқынинда оқушы кеше береді, кедергіге кездеспейді.

Ерекше назар аударатын нәрсе: орыс өдебиетінің озық үлгісін қолданып, сөйлемнің жаңа айшықтарын туғызып, сөзді жаңаша тізбектеп, құрмалас сөйлемді өдебиет дәстүріне енгізгенде, Абайдың өлеңі ауырламайды, қат-қабат пікірі қымқыйғаштанып тұманданбай, жарқырап айқын көрініп, көзі мен көңіліне бірден ілініп, оқушыны тарта жөнеледі. Бұл тұрғыда Абай өлеңдері, шығарма өрдайым айқын, лепілдеп, жетелеп отыратын болсын деген А. Пушкин пікірімен ұштасып жатады.

Найқалма, әрекеттен қашық патриархалдық-феодалдық қатынасты баса сынаған ақын жаңа тұа бастаған капитализмнің жаламырлығын да қатты түйрейді.

Амалдан қарагайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап...

Мал жыйыш арамдықпен үрлап-карлап,
Кусың десе, куаныш жүр алшандап, –

деп өлеңде ақын данышпандықпен өлеумет өміріндегі терең құбылысты ашып кетеді.

Абайдың реалистік ақындық шеберлігі еңбекші жүртшылықтың мұқтаждық халін сипаттауда айқын көрінеді. «Күз», «Қараша» секілді өлеңдерінде ауыл тұрмысының пішіні, өмір теңсіздігі асқан реалистікпен табиғи түрде бейнеленеді.

Менімен мен тең бе деп мақтанасың,
Белгісі надандықтың ол баяғы, –

деген Абай, бай мен кедейдің айырмасы ол екеуінің жаратылысында емес, меншігінде екенін жанды коріністермен дәттетеді.

Кедей үйінде отын жоқ, ойткені өзі байдың малында, әйелі малма салып тон илеп, шекпен тігумен қолы босамайды.

Күздің қара суығы қысканда да байдікі мыңқ етпейді: киізді қабаттап ұстаған үйі жылы, маздал жанған от, былқып піскен ет. Кедей әйелімен қосыла тыным таптай қызмет қылған соң байдың дүниесі ұлан-байтақ. Ең аяғы кедейдің баласы да жалынышты болып, көз жасын ағызып жүріп бай баласын ойнатады.

Сөйтіп жүрсе де орта қап қара қи да кедей қолына байдан сөз естімей тимейтінін айтады.

Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,
Андыстырган екеуін Құдайым-ай! –

дегендеге бай мен жалшының мұддесі қарама-қарсы екенін айтып отыр. Реалист ақынның бас мақсаты осы сырды ашу екенін ес-керіп, оның үстіне «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» да автордың бүйірі кедейге бұратынын қоссақ, Абайдың жанашыры езілген еңбекші «момын шаруа» екені өзінен-озі анықталады.

Табиғат көрінісін суреттеуде Абайда зор эволюция бар. «Жазда» ол өлі көбінесе көшпелі ауылдың көктемдегі сөүлелі жағын көреді; «Жазғытурыда» ол – көркем табиғат пен жазғы өмір құшағындағы ауылдың жыршысы; «Қыста» қатуыл үскірік көрінісін тамашалап суретке салумен қатар шидем мен тонды қабаттап

киген малшыны да көреді; ал «Күз» бен «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі айда» ақын жаратылыс құбылыстарын өлеумет түрмисы, кедейдің ауыр өмірі арқылы көріп, байға бабымен келген күз кедейге жайсыз келетінін бейнелеп береді.

Әрине, біз «Жаз» бен «Жазғытурының» мәні я бояуы олқы демекші емеспіз, олар да Абайға төн шеберлік пен шүрайлы сұлулыққа бөленіп жасалған; олардың қазақ поэзиясында пейзаждық лириканы дамытуда да маңызы ерекше; біз тек қоғам тіршілігінің сырын тануда жылдан-жылға ақынның ой өрісі кеци түскеңін, ақыры, тап мүддесі қарама-қарсы екенін жырлағанын баса айтуды жөн көрдік.

Ақынның сөз шеберлігі пейзаждық лирикада да айта қалғандай. «Қара қидан орта қап ұрыспай берсе» деген жалғыз жол дала байының тас бауыр қаталдығын, кессең қан білінбес шығымсыздығын, жалшыны қанауда тойымсыз қорқаулығын, түзде шашылып қалатын малының қыын қимайтын құнсыздығын баданадай қып түгел ашады. Басқа нәрсе емес, «қара қи» толық болмай «ортада қап» болуының да идеялық, көркемдік ерекше мәні бар.

Абай поэзиясының көркемдік пен қынды сөз, өрдайым идея құралы екеніне «Бір сұлу қызы тұрыпты хан қолында» атты өлең – айқын айғақ. Бұл шығармада автор ескі ауылдағы көп өйел алу, қаусап қартайып отырып, жас қызы алу сияқты надан өдettің өмірге, тіршілік заңына жат, өрескел, түрпайы екенін жүрттың санағына сініруді мақсат етеді де сол талабын орындауда қонымды өдіс қолданады.

Өлеңнің басында өмір көрінісіне негізделіп құрылған сюжетті оқиға бар. Қартайған хан сұлу қызға үйленіпті. Қызға арман да, алаң да болмасқа тиіс: хан құмарта сүйеді, тіпті жанын құрбан етуғе дайын; нелер асыл киім, салтанат дегендеріңіз ұлан-байтақ, топтанған қызы-келіншек нөкөр болып, қызды қоршап қызмет қылады.

Шалқыған байлық, молшылық, сән-салтанат, назарымен қоршап көп жан, соның бәрінсे еркін шомғанмен, қызы айықпас арманда.

«Етімді шал сипаған құрут жесін» деп,
Жартастан қызы құлапты терең суга, –

деп ақын өйел теңсіздігін образ арқылы бір-ақ ашады.

Өлеңнің кейінгі шумақтарында сөз қазақ өміріндегі өрескел оқиғалар жайлы. Факті аяқ алып жүргісіз, сондықтан ақын оны тізбектеп оқушыны малтықтырмайды, жоғарыдағы хан мен қаршадай қыздың оқиғасына сүйеніп өз қорытындысын ұсынады.

Жас пен көрінің некесінен туатын жүрек дүбілтер өрескелдіктер суреті, міне, осында. Көзіңмен көріп, жирен де, терең ойлап, түсін, өйткені:

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Енке көнер ет жүрек сату емес.
Бай қартайса малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай үргір.
Біреудің қызын алыш малиға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құргыр?!

Өлеңде жаратылыс заңы, салт заңы, гуманизм, тарих, теңсіздіктен туған өрескелдіктер қат-қабат. Ой көзі шалымды, алыстан алыш кеңнен толғайтын Абай ойын бүкпейді, өлер жерің осы деп ашып айтады. Өмір сыпайы қызша қылмып отырмайды, өз заңын киіп-жойып өмірге асырады, таны да, сыйла оның заңын, өйтпесе арың ысырап, өзің әлексің! Жақсы ажар, алдамшы тәтті тіл де араша емес.

Қартан бай, қатты сақ бол, тілге көнсен,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсен... –

деп Абай тұжырып айтады.

Гуманизм – адам правосын қорғап айтылған өдемі сөз ғана емес, өмірде өктемдел барып өз заңын табатын, өз жолын табатын қофам тіршілігінің табиғи заңы, сыйла оны, сыйламайды екенсің, сыбағаңды аласың.

«Баяғыны іздеген» деген сөз арқылы ақын тарихты да ескерте кетеді. Ескі, анайы заманда қазақ өйелі өзін еркектің басы бүтін меншігі деп те қараған шығар, ал қазір жай басқаша, заманды, жағдайды, өмірлік заңды, өзінді тереңдеп таны, өнеге өмірдің өзінде деген үфым туады.

Ақын өмірдің үстіңгі қабатын үстірт сипаттаушы емес, өмірдің буынын, сырын, қындаусы заңын зерттеуші, өмірдің егжей-

тегжейін ашу арқасында ол окушыны саналандырып, рухани байытады, өмір даңғыл жол емес, ойы, өрі бар күрес сапары екенін көрсетіп, жігер-қайратты қайрайды.

«Екі көңіл арасы жылшылық жер» деп көлемді мазмұнды беру үшін өлең өрнегінде жатықпаған сөз көрмеген «жылшылық» деген сиқылды сөздерді қымсынбай қолданып, өмір шындығын Алатая шындарындай құж-құж, олпы-солпы қалпымен бенелеген Абай окушыны тіршілік майданына баулиды.

Абайдың ақындық шеберлігі ғашықтық лирикада да ерекше көзге түседі. Сүйіспеншілік адамзатпен бірге жасап келеді, сондықтан оны қазақ ақындары Абайдан өлдекашан бұрын жырлаған болатын. Бірақ, сүйіспеншілік сүйіскен жастардың иғі сезімін үдетіп, бойына лепті жігер қасиетті қайрат дарытатынын ашып, махаббатты жанды образ түрінде көзбен көріп, көңілмен сезінгендей етіп Абайдай ешкім суреттей алған жоқ.

Иығы тиісіп,
Тұмандалап көздері,
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Сүйіскен екі жастың иықтары тегін тиісіп отырған жоқ, оларды қосылып бір жан болып кету құмарлығы билеп отыр, сөз де, әрекет те жоқ, көз тұманды, дене мас. Шын сүйісу, жастық сүйісу, ештенені қымтамай түгел беріле сүйген сүйісу – осы. Осы дегдар қасиетті ақын жастың жанын тебірентерліктей, көріні де жарамсыз ісіне өкініп, жақсысын ойына алып жадырап, бір селт етіп қаларлықтай әсерлі леппен суреттейді.

«Иығы тиісіп» – мейлінше қарапайым сөз, бірақ ақынның өмірімен әсерлі сөз сапына қыысқан соң бойына сиқырлы көркемдік үялап түр.

Қарапайым созді қалаулы қатарға енгізіп, көркемдік күш үялату – Абайдың ақындық шеберлігінің дербес өзгешелігі.

Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен бірі әуре.
Жүрекке құйылып,
Жан рахат бір сөүле, –

дегенде ақын бойды кернеген қасиетті, дана сүйіспеншілік сана-ны ашып, айбындандырып сөуле де бітіретінін көрсетеді.

Қазақ өмірінің тұқпір-тұқпірін түгел кезіп, түйінін тауып, сырын ашып жыр еткен Абай өн-күйді де көркем сөз өрнегіне түсірді.

Шырқап, қалқып, сорғалап тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миңды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды, –

дейді ақын.

Осы өлеңде жұрт құнделікті айтып жұрген сөздер бір түрлі сергіп, қанат бітіп, құдіреттеніп кеткен. Оған себеп – сез атаулы астарлы мәндеге алынып образға ие болып түр. Ән көзбен көріп, қолмен үстайтын нәрсе емес, бірақ ән ауа теңізінде қалқытыны, сорғалайтыны да рас. Алайда Абай ән дыбысының физикалық қозғалысын емес, эстетикалық мәнін сөз қылады. Адам жаңының рухани азығы ретінде әннің күші алып өсерлі, образды келісімді сурет арқылы ақын сол жайды денен шымырлап, жүргегін тулат егіле, емірене отырып сезініп, үғынарлықтай етеді. «Бұл дүниенің ләззаты – бәрі сонда» деген сойқан әсірелеу «миды ояту», «ойсыз құлақ» деген секілді сөз белестері Абайдың керемет ақындық құшімен ғана үқсатылып отыр.

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім –
Мақсат алыс, өмір шақ,
Откен соң базар,
Қайтқан соң ажар
Не болады құр қожақ?!

Кемп деп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес, –

деп «Сегіз аяқты» тап бастырып, Пушкиннің «Евгений Онегинің» шумағына еліктей, сонымен жарыса отырып, Абай көз қызының қияға сермел, сарқылмас жігермен сойлелеп еді.

Абайдың сөз шеберлігін сарқа айту өлең жаңаңықтарын талдау – арнаулы еңбектің үлесіне тиіс нәрсе. Біз аз сөзбен тек пікір қозғауды ғана міндет таптық. Образдық сөз жүйесі қалай жасалатынын, идеялық, көркемдік мәнін тындыра зерттеу – біздің әдебиеттану біліміздің толғакты борышы.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Беккожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.